

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Қостанай облысы

№971240000086/260121/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғының негізінде әрекет ететін Директор Кадримбекова Жупар Мнайдаровна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын СоmpanуМАГНАТ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Кузьменко Наталья Григорьевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының негізінде, «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 013-015-142 Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 952 197.00 (тоғыз жүз елу екі мың жүз тоқсан жеті тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 013 Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 142 Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу ерекшелігі бойынша - 952 197.00 (тоғыз жүз елу екі мың жүз тоқсан жеті тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.



2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;



9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

10) Тапсырыс берушінің өтініші бойынша тауарды орналасу орнына жеткізу : Қостанай облысы, Лисаков қ., 4 шағын аудан, 24 үй

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 15 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленсе, онда "Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады. Егер шетелдік тауар шығарылған болса, онда тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының



немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастау белгіленген бағдарламалық қамтылым санатына жатқызылған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің



кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жұмыс жасамағандықтары туралы бірізді құжаттармен Шарт талаптарын осы Шарттың ережелеріне сәйкес және олардың қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада



көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауына қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер



Тапсырыс беруші:

Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Костанайская область, г.Лисаковск,

МИКРОРАЙОН 4, 24

БСН 971240000086

БСК ККМФКZ2A

ЖСК KZ40070102KSN3901000

"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ

Тел.: 8 (71433) 3-38-13, бух. 3-55-44,

эл.адрес dommil@mail.ru

Директор Кадримбекова Жупар

Мнайдаровна

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

СотрануМАГНАТ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Костанайская область, г.Костанай,

Проспект АЛЬ-ФАРАБИ, 116, 209

БСН/ЖСН 170140000978

БСК CASPKZKA

ЖСК KZ51722S000001199105

"KASPI BANK" АҚ

Тел.: 87076706991

Басшысы Кузьменко Наталья Григорьевна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
013-015-142 : Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу						Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу						
	Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бензокаин, висмута субгаллат, цинка оксид, левоментол	суппозиториялар	Дана	2	1 585.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (2)	0	3 170.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ацетилсалицил қышқылы	таблеткалар	Дана	30	497.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (30)	0	14 910.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Дәке	икемді, мақталы қағаз жіптен тоқылған	Дана	6	404.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (6)	0	2 424.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бромгексин	таблеткалар	Бума	10	844.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (10)	0	8 440.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Натрий гепарині, бензокаин (анестезин), бензилникотинат	жақпмай	Дана	5	1 244.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (5)	0	6 220.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Нимесулид	гель	Дана	5	3 045.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (5)	0	15 225.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Омепразол	капсулалар	Дана	6	1 864.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (6)	0	11 184.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Нитрофурал	таблеткалар	Дана	30	334.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (30)	0	10 020.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Цианокобаламин	ерітінді	Бума	3	1 338.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (3)	0	4 014.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шприц	медициналық, инъекциялық, бір реттік қолданымдағы	Дана	200	43.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (200)	0	8 600.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шприц	медициналық, инъекциялық, бір реттік қолданымдағы	Дана	500	29.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (500)	0	14 500.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ара желім тұнбасы, аскорбин қышқылы	таблеткалар	Дана	50	297.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (50)	0	14 850.00
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Диклофенак	өрітінді	Бума	25	2 977.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (25)	0	74 425.00



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Метилурацил жақпасы	жақпамай	Дана	5	1 386.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (5)	0	6 930.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Хлоропирамин	таблеткалар	Бума	4	3 164.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (4)	0	12 656.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бисакодил	таблеткалар	Дана	5	3 985.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (5)	0	19 925.00
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Вазелин	сұйықтық	Дана	50	688.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (50)	0	34 400.00



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қайың тар, Ксероформ	линимент	Дана	2	744.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (2)	0	1 488.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мебгидролин	таблеткалар	Дана	10	867.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (10)	0	8 670.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бальзам	массаждық	Дана	10	2 124.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (10)	0	21 240.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Дифенгидрамин	ерітінді	Дана	30	684.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (30)	0	20 520.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кеторолак	өрітінді	Дана	6	1 784.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (6)	0	10 704.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кеторолак	таблеткалар	Бума	10	862.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (10)	0	8 620.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Фолией қышқылы, цианокобаламин, Lactobacillus sporogenes бактериялары	капсулалар	Бума	6	3 147.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (6)	0	18 882.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Лоперамид	капсулалар	Дана	20	351.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (20)	0	7 020.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қолғаптар	бір реттік, винилді, стерильді	Жұп	40	394.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (40)	0	15 760.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ремантадин	таблеткалар	Бума	10	1 155.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (10)	0	11 550.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шприц	медициналық, инъекциялық, бір реттік қолданымдағы	Дана	500	43.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (500)	0	21 500.00	
Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Натрий метамизолы	өрітінді	Дана	5	1 014.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (5)	0	5 070.00	



Қостанай облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Лисаков арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сығындының шүйгіншөбі	таблеткалар	Дана	6	322.00	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 жұмыс күні	Қостанай облысы, Лисаков қ. Қостанай облысы, Лисаков қ. Костанайская область, Лисаковск Г.А., г.Лисаковск, МИКРОРАЙОН 4, 24; (6)	0	1 932.00	
